

# НҰРСҰЛАТАН НАЗАРБАЕВ

*Ой  
бәлістім  
халқымен*



Алматы «Мектеп» 2006

H **0803010200—027** **168—06**  
**404(05)—06**

© Назарбаев Н.Ә., 2006  
© «Мектеп» баспасы, көркем  
безендірлүй, 2006

Барлық құқықтары қоргалған

Басылымның мұліктік құқықтары  
«Мектеп» баспасына тиесілі

## ТАҒЫЛЫМЫ ТЕРЕҢ ТОЛҒАМДАР

Мемлекет басқару өнері күнделікті ел тағдырына қатысы бар үлкендер-кішілі шешімдер қабылдаумен ғана шектелмейді. Ол сондай-ақ халқыңмен күнбес-күн жүздесіп отыруды, өз ойыңды көркем тілмен кестелі етіп жеткізе білуді, мақсат-міндеттерді айқын үргіндіру арқылы жұртыңды ұлы істерге үмсіндырып, соны орындауга жұмылдыра білуді қажет етеді. Ал сол орнықты ой мен кестелі сөз өмірде нақты іспен өріліп жатса, әрі соның оң нәтижесін халық өзінің күнделікті тіршілігінде нақты сезініп отыrsa, мұндай елдің бүгін қандай жарқын болса, келешегі де сондай кемел болады деп үміттенуге негіз бар. Сондықтан да халқының көнілінен шығатын Елбасының ойға терең, сөзге шешен болып келуі, ең алдымен, елдің бағы деуіміз керек. Тәуелсіздік жылдарынан бері елінің жүргін аудырмай алып келе жатқан кемел көшбасшымыз, 2005 жылдың аяғында өткен кезекті Президент сайлауында өз бәсекелестерін айқын басымдақиен жеңіп, ел басқару тізгінің қолына қайта ұстаган тұңғыш Елбасымыз, екі тілде шешен де көсем сейлеп, көсліте жаза білетін Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты сондай айтулы тұлғалардың қатарынан көреміз. Оның осы жылдарда түрлі мінбелерден сөйлеген сөздері мен халық өкілдерімен өткізген кездесулерінде ағынан жарылып айтқан пікірлерінің арасында оқырманы мен тыңдарманын елең еткізіп қана қоймай, жан-жүрегін баурап алатын өрісті ойлар мен толғамды пікірлер аз емес.

Су түбінде жатқан тас  
Жел толқытса шығады.  
Ой түбінде жатқан сөз  
Шер толқытса шығады, —

деп дала данышпаны Асан қайғы бабамыз кезінде тап басып айтып кеткендей, сол ойлардың айтылуына, негізінен, еліміз тәуелсіздік алған жылдары бастан өткерген түрлі тарихи жағдаяттар мен оқигалар, содан туындаған ой тебіреністері себеп болғаны анық.

Әйтсе де, сөз қашанда айтылар сәтінде айтылуымен құнды. Халқымыздың: «Дер кезінде айтылмаган сөзді айтылмады деп есепте» деуінде де үлкен пәлсафалық мән жатыр. Демек, бүгінде еліміз заман көшіне ілесіп, жоғары қарқынмен дамып отыrsa, мұнда Елбасымыздың халқына керекті сөзді дер кезінде әрі әсерлі айта білген сұңғылалығының да өзіндік орны болғаны.

Президенттің осы жинаққа енген «Мен өз халқымды сүйемін», «Садағаң кетейін, айналайын халқым!», «Нені де болса елмен бірге көремін, елмен бірге төземін, елмен бірге женемін!» деген сертипен тең тегеуінді тіркестерімен қатар «Өсер елдің баласы арманышыл болса, өшер елдің баласы жанжалашыл болады», «Дауы таусылмайдын елдің жауы да таусылмайды», «Қазақтың ұлттық рухы оның ерлігінде жатыр», «Қас үрпақ өз дәуірінің шешкіресін әрдайым өздері жазған», «Барлық адамдар кенеттен періштеге айналса, онда үкіметтің керегі болmas еді. Адамдар періште емес...» деген сияқты сырт қоғажа қарапайым көрінгенімен, мағынасына терең үнілген жанга жеткізәр жүгір салмақты пайымдауларында мол өмірлік тәжірибе, шиширышқа атқан ой табиғенісі, гибратты тағылым жатқаны ақырат.

Сөзді кие тұтқан, бір ауыз сөзге тоқтаған, «Айтылмаса сөздің атасы өледі» деп қарайтын дана халқымыз үшін Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың аузынан айтылып, қаламынан туындаған осынау қадау-қадау пікірлердің қадір-қасиеті қашанда өзгеше деп түсінмелі. Соларды оқысады, ойың байып, жан-дүниенең кеңіп, тынысың ашылғандай күйге енесің.

Сондықтан да оқырман қауымға оңтайлы болуы үшін осындағы ой-пікірлерді жинаққа топтастырып ұсынғанды жөн көрдік. Бұл жинақ осыған дейін жарық көрген «Тұған елім — тірегім» (Алматы, «Рауан», 2001 ж.) және «Өзекжарды ойлар» (Алматы, «Мектеп», 2003 ж.) атты кітаптардың заңды жалғасы деуге болады.

Сөз берін ойдаңың мән-мағынасын билетін оқырманның бұл кітаптан мол гибрат алатыны даусыз.

Бірінші  
тарау

---

*Жалғыз Отан -  
тәуелсіз Қазақстан*

*Oй бөлістім халқыммен*



Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз  
бар, ол — тәуелсіз Қазақстан.



Отанды сүю — өркениеттіліктің бірінші  
белгісі.



Салтанаты жарасқан қаласы бар,  
байтағы үшан-теңіз даласы бар, аруақ  
қолдаған бабасы бар ел екендігімізді  
мақтан етейік!



Отаншылдық рухы бізге ауадай қажет.



Мен үшін елімді дамыған елдердің  
сапына тұрғызып, санатына қосудан үлкен  
мақсат жоқ.



Елі мұратқа жетпей тұрып, ері мұратқа  
жетуші ме еді? Сондықтан елдіктің  
қамын ең алдымен ойламай болмайды.



Егер біз мемлекет болып тұрғымыз келсе, өзіміздің мемлекеттігімізді үзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халықтың руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн.



Тамағынды тауып жерлік кәсіп, одан да тәуір қызмет жолығар. Бірақ ол қара орманың — өскен елінің ортасында жүріп ішкен бір жұтым қара сұға қайдан татысын?!



Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса,  
азаматтық намысың болса, қазақтың  
ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып-  
көркеюі жолында жан терінді сыйып жүріп  
еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі өзің  
екениңді ұмытпа!



Жырақтағы жүрттың жаутаңдал қарап  
отырса, кісінің жаны қайтіп жай табады?!



Қазақтың өзіндік ұлттық қасиеттерінің  
қайта қалыптасуына қамқорлық жасау —  
менің Президенттік те, перзенттік те  
парызым.



...Отандастарымнан бөлек уайымым  
да жоқ, олардан бөлек қайғым да жоқ.  
Нені де болса елмен бірге көремін, елмен  
бірге тәземін, елмен бірге женемін.



Мейлі, сен патша не қойшы бол, бәрібір...  
Атамекеніңнен табаның тайса — жетім-  
сің...

---



Біз бүгінгі бейбіт тірлігіміз үшін, Қазақстан деп аталатын Республиканың жер бетінде барлығы үшін тарихтың әр түсында осы елді, осы жерді қорғаған қайса жандардың аруағының алдында қашанда қарыздармыз.



Отаны бірдің — тілегі бір, жүргегі бір.



Бүгінгі қазақ қауымына аса қажет нәрсе — өзіміздің намысшылдық дәстүрлерімізді дамыту.

*Ой бөлістім халқыммен*



Мен ешқашан мүмкін болмайтын  
мәселеге уәде берген емеспін, ал уәде  
берсем — қашанда орындаіммын.



Жанға тұскен жарақатты, жараланған  
жүрек пен зердені жазу қандайлық қын  
десенізші.



Отанға сүйіспеншілік жайында қызыл  
сөзді тоқтаусыз ұзақ айтуға болады, алайда  
онымен Отаныңның гүлденуіне  
ешқандай көмек көрсете алмайсың.



Елдік те ерлік сияқты сын сағатта  
танаылады.



Бүгінгі таңда ел қамынан басқа қандай  
мұдде болуы мүмкін? Сондықтан елдің  
ақыны да, әкімі де бір мақсатты көздеуі  
керек.



Ел туралы жадағай ойлау да, халықтың  
тағдырымен ойнау да түбі жақсылыққа  
апармайды.



Біз — алыс сапарға бел буып, кемемізді тәуекел дариясына түсірген елміз, елес үмітті емес, ерлік пен елдік мұратын кемеміздің тұғырына ту етіп байлаған елміз.



Өсер елдің баласы арманшыл болса,  
өшер елдің баласы жанжалшыл болады.



Елімізге бойына ата-бабамыздың ел  
мен жерге деген сүйіспеншілік қасиеті  
дарыған, егеменді елімізге аянбай қызмет  
ететін, ой-өрісі кең, алғыр да жүректі,  
сауатты да салауатты азаматтар қажет.



Ел қоштің бастау — маған сын, мені  
қоштау — елге сын.



Отбасы — Отанның ошағы.



Дауы таусылмайтын елдің жауы да  
таусылмайды.



Қашанда, қай істе болсын, ханы мен  
халқы бір болып, тұтастық құрганда —  
мемлекет нығайып, ел ырысы тасады; ал  
халқы қолдамай, ханы халқын қорғамай,  
өзімшілдік өктемдік алып, өзара талас-  
тартысқа түскенде — мемлекет әлсіреп,  
ел ырысы қашады.



Көп ұлтты ел болуымыз — біздің  
байлығымыз, мақтанышымыз.



Бізді біріктіретін жеке бастың қамы  
емес, бізді ел туралы биік үғымдар, ортақ  
мұдделер ғана біріктіре алады.



Ел болу үшін — ұлттық рух, ұлттық  
қасиет және ұлтқа деген сенім болуы  
керек.



Әлемдік өркениеттің үздік жетістіктерін, басқа халықтардың рухани қазыналарын бойымызға сініру қанша маңызды болса да, біздің әрқайсымыз өзіміздің терең тамырымыз — тұған жеріміз туралы есте ұстап, қай елдің азаматтары екенімізге есеп беруіміз қажет.



Елдің тағдыры — өз қолымызда.



Біз — бабалары басының қадірін арттыруды басты мұрат санаған елдің баласымыз.



Қазақтар талай өрт тұтасымен  
қырылып кетуге шақ қалды. Бірақ өмірге  
деген құштарлық, азаттық аңсары еңсесі  
түскен елді қайыра түлетіп, қайтадан  
тәуекел тұғырына қондырып отырды.



Қазақстанда тұратын әрбір адам өзін  
осы елдің перзенті сезінбейінше, бола-  
шағына сенбейінше, біздің жұмысымыз  
ілгері баспайды.



Өзін-өзі қорғай алған елдер ғана өсіп-  
өркендерген.



Елдің бетінде, желдің өтінде жүрген  
адамға сынақ көп.



Казақ елінің озып, ұдеген кезі де, тозып,  
жүдеген кезі де аз емес.



Мен білгенде, мына дүниенің  
дидарында «Жаным — арымның  
садағасы» деген сөзден артық ұлы сөз  
жоқ. Соны айтқан — қазақ.



Өз мемлекетіміз үшін мақтаныш  
сезіміне бөленіп, біртұтас отбасы сезімін  
сезінуге, қазір бүкіл дүние жүзі білетін  
Республика Түнін, Елтаңбасын, Гимнін  
ардақтап, құрметтеуге тиіспіз.



Әрбір адам бала кезінен «Қазақстан — менің Отаным, оның мен үшін жауапты екені сияқты, мен де ол үшін жауаптымын» деген қарапайым ойды бойына сіңіріп өсетіндей болғаны жөн.



Тарихтың бетбұрысты кезеңдерінде мемлекеттің кез келген басшысы білік-сіздікке, әсіресе экономикалық және саяси дамудың үлгілерін талдау мәселесіндегі біліксіздікке қатаң қарсы тұруы, бәріне бірдей жаға бермейтін, бірақ өміршеш манызы бар шешімдерді қабылдауы тиіс.

---



Кейде адамдарды еркінен тыс қазір барғысы келмейтін, бірақ объективті түрде баруға тиіс жаққа жетелеуге тура келеді.



Қамшының сабындаі қысқа ғұмырда халқының көшінің басында жүруден, ұлы істеріне тікелей ат салысадан артық қандай мәртебе керек?!

*Ой бөлістім халқыммен*

---



Ары үшін жанын садаға ететін қазақтай  
қасиетті халықтың, осы елдегі сан түрлі  
ұлттың баласының басын қосып,  
басшылығында жүру тұрмақ, қосын тігіп,  
қосшылығында жүрудің өзі жанынды  
тербейтін бақыт емес пе?!

Екінші  
тарау

---

*Жер тәсілі -  
ол тәсілі*

*Oй бөлістім халқыммен*



Жер тағдыры — ел тағдыры.



Жер жақындығы тағдырың мен тарихыңды жақындастырмай қоймайды.



Жер абаттанса, ел ауқаттанады.

*Жер тағдыры — ел тағдыры*

---



Ауылдың амандағы — елдің  
амандыры.



Ауыл — қазақтың алтын бесігі.



Төрткүл дүниенің төрт құбыласынан  
тұрақты дос, айнымас әріптес, сапарлас  
серіктес, қақысы бұзылмас көрші тапқан  
Қазақстан жаңа мыңжылдықтың ұлы  
көшінде керуен тартып келеді.

---

*Oй бөлістім халқыммен*



Бүгін біздің төңірегімізде бейбітшілік белдеуі қалыптасты деп сеніммен айтуға болады. Бірде-бір мемлекеттің бізге талабы жоқ әрі жау көзқараста емес.



Қалалардың да адамдар сияқты өз тағдыры болады.

*Жер тағдыры — ел тағдыры*



Астананы тек мемлекет басшылары  
ғана құрмайды, астана да ел басшылығын  
қалыптастырады.



Астанасына қарап елін таниды.

*Oй бөлістім халқыммен*



Қыңдыр қонып, құт дарыған киелі қоныс,  
мұбарак мекен — Алматы! Биікке самғап,  
қыырды шарлау, заманнан қалмай  
зымырай заулау — мына біздерге өзің  
берген тәрбие, өзің көрсеткен өнеге, өзің  
тапсыраған тарихи аманат!



Алматы — біздің тәуелсіздігіміздің  
алтын бесігі, мемлекеттігіміздің алтын  
діңгегі.

*Жер тағдыры — ел тағдыры*



Астана келбеті — ұлт келбеті.



Жаңа астананың қаласы да, адамдардың санасы да жаңа болсын.



Астана — Отанымыздың жүрегі,  
тәуелсіздігіміздің тірегі.

*Ой бөлістім халқыммен*



Астананың абыройы — қазақ руханиятның абыройы.



Жаңа Астана — ежелгі қазақ жерінің тәрі.



Жаңа Астана — тәуелсіз Қазақстан  
үшін жарқын келешектің нышаны.



Тарихымыздың жалғасы, өміршең  
істеріміздің арнасы бұдан былай да жаңа  
Астанада жалғасын таба беруі тиіс.



Астана — мемлекет дидары, халық мерейі. Құллі әлем атын енді жаттай бастаған жаңа Астана біздің жас мемлекетімізге деген назарды арттыра түсері сөзсіз. Оның біз жетпек біктердей өрелі, біз орнатпақ қоғамдай тартымды болып көркейіп өсүі жолында қүш-жігерді аямаймыз. Біздің жаңа Астананы, жаңа Астананың бізді ұятқа қалдырымайтынына нық сенімдіміз.



Қазақ халқы — тамырын жеті қабат  
жер астына жіберген алып бәйтеректей  
өзегін ғасырлар тереңіне тартып, осынау  
қасиетті ұлы даласынан табан аудармай,  
дауылдармен алысып, тағдырымен  
қарысып, өсіп-өркендеп келе жатқан  
байырғы халық.



Ұлттық тұтастығымыздың мәселесі ең өткір қойылған аргы Тоқтамыс пен Едігे, бергі Тәуке мен Абылай замандарында билік ордасының бүл маңайға қайта-қайта көшіп келіп, көшіп кетуінде де көп сыр бар. Үстіміздегі ғасыр басында алғашқы қазақ либералдары — Алаш партиясы көсемдері де саяси орталықты әуелден зор стратегиялық маңызға ие осы аймаққа көшіріп әкелуге құш салды.



Еңді, міне, екі ғасыр тоғысында, жаңа  
мыңжылдық табалдырығында өшкен  
жанып, өлген тіріліп, кеткен есе түгенделіп,  
жығылған ту қайта желбіреп, жоғалған  
елдік қайта оралып, құлаған орда қайта  
бой көтергеніне де куә болып отырмыз.  
Бұл да ұзағынан болғай, қайырымен  
келгей, қадірлі халқым!



Басқа ұлттармен және ұлыстармен бейбіт тату көршілік қарым-қатынаста болу — қазақтардың ежелгі дәстүрі.



Біздің халыққа қоғамдық және әлеуметтік жатырқаушылық жат, өз көршілерінің тұрмыс-салтына, әдет-ғұрпы мен мәдениетіне игі ниетпен, құрметпен қарау тән.



Ашық-жарқындық, мейірбандық, қай үлттың өкілі екен демеў, кем-кетікке немесе жарлы-жақыбайға жәрдемдесуге әзір тұру — халқымыздың тумысына біткен қасиеті.



Қазақтың қасиетті жерінің асты да — байлық, үсті де — байлық.



Жерден өтер байлық жоқ: жер болса — ел болады, ел болса — ер болады.

---

*Oй бөлістім халқыммен*



Қазақ даласы — Ұлы Тұркі елінің қара шанырағы.



Көптеген елдерді араладым. Табиғаты ғажайып талай өлкенің сұлулығына көз құмарымды суардым. Бірақ бәрі де өзім туып-өсken қазағымның жеріне, Алатаудың бір бектеріне жамбастай жығылған үш қоңыр тәбеле жетпеді. Балалығымның, сағынышымның алтын қазығы сонда екен...

Үшінші  
тарау

---

*Садағаң көтейін,  
айналаіын халқым*

*Oй бөлістім халқыммен*



Мен өз халқымды сүйемін. Оның мені бала кезімнен сабыр мен парасатқа баулығанын мақтан тұтамын. Басымды иемін!



Кез келген халыққа бәрінен бұрын асқақ рух қерек.



Садағаң кетейін, айналайын халқым!  
Сенің мұддең жолында бойдағы қуат,  
ойдағы нәрдің бәрін сарп етуге бейілмін.

*Садаған кетейін, айналайын халқым!*



Мен өз халқымның көнбеске көніп, шыдамасқа шыдай білетін төзімділігіне қайран қаламын. Мәңгіліктің қатыгез тасқыны біржолата мұжіп, біржолата үтіп, біржолата шайып әкететіндей талай қылы кезең тұсында қиналса да, аман қала алыпты.



Ең бастысы, тату-тэтті ынтымағы жарасқан көп ұлтты халқымыз бар. Ел дегенде, жер дегенде — білегін сыбанып, іске дайын тұрған азаматтарымыз бар. Сан ғасырлар бойы талай теперішті көрседе, жайсаң жанын, әсем әнін, күмбір күйін, әдемі әдет-ғұрпын, таза тілін сақтаған ұлтымыз бар. Міне, біздің басты байлығымыз — осы.



Мен өз халқымның жолында басымды бәйгеге тіккен адаммын.

---

*Садағаң кетейін, айналайын халқым!*



Мемлекетіміздің діңгегі — қазақ халқы. Ел де, жер де — қазақтікі. Ел болудың ұяты да біздің жұрттың мойнында.



Менің бірден-бір қалауым, менің үмітім,  
егер қаласаңыздар, арманым —  
шамамның келгенінше, Қазақстан  
халқының өзін жан-жақты дамытуы үшін  
қалыпты, шынайы өркениетті жағдай  
жасауга жәрдемдесу.

*Ой бөлістім халқыммен*

---



Қазақ та енді үлкен ұлтқа тән төзім  
мен сабырлы мінез көрсетуі керек.



Рухы еркін халық қана ұлы істерді  
атқара алады.



Ежелден рух еркіндігін ерекше қастер  
тұтқан халқымыздың асыл дәстүрлерін  
жана заманға жарасымды жалғастыруы-  
мыз қажет.

---

*Садаған кетейін, айналайын халқым!*



Біз кешегісі тұлдыр, болашағы бұлдыр  
халық емеспіз.



Қазақтың үлттық рухы оның ерлігінде  
жатыр.



Өткен жолын жетік білетін қауым алар  
асуларын да айқын елестете алады.

*Ой бөлістім халқыммен*



Бабаларын қалтқысыз қастерлей білген  
халық балаларының болашағын да  
қапысыз қамдай алмақ.



Қазақ баласының мызғымас та  
мұқалмас ерлік дәстүрінің тамыры  
теренде жатыр.



Қабырғалы халқы болмаса, қандай  
басшының да тауы шағылмай, тауаны  
қайтпай қоймайды.

*Садағаң кетейін, айналайын халқым!*



Ұлтымыздың өз тамырынан қол үзбей,  
оған балта шаппай әрі қарай өсіп-  
өркендеуіне жағдай жасау — ең үлкен  
міндеттердің бірі. Нарық қазақтардың  
ұлттық болмысын бүзбайды, керісінше,  
оны жаңаша жетілдіре түседі.



Өз халқын сүйген адам ғана оның  
тағдыры үшін қүйе алады.

*Ой бөлістім халқыммен*



Халықтың сенімін ақтаудан артық  
абырой жоқ, болуы да мүмкін емес.



Кез келген мемлекеттің қуаты —  
халқында.



XXI ғасыр қазақ халқының жүлдүзы  
жанатын ғасыр болатынына сенемін.

*Садаған кетейін, айналайын халқым!*

---



Қазақты Құдай шықамынан ажырат-  
пасын.



Еліміздің басты байлығы, ең қастерлі  
қазынасы жердің астында да емес,  
үстінде де емес — адамдарымыздың  
жүргегінде.



Тарихты тудырушы да, мемлекеттік  
 биліктің бірден-бір бастау- бұлағы да —  
халықтың өзі.

---

*Oй бөлістім халқыммен*



Ежелден құт-береке дарыған халқы-  
мыздың ダーқан көңілі ешқашан ортайған  
емес.



Халықтар арасындағы келісім мен  
достықтың алтын тамыры қазақтарға тән  
асыл қасиеттерде жатыр.

*Садаған кетейін, айналайын халқым!*



Қазақ халқы жиырмасының ғасырдың бүкіл өн бойында өзге халықтар түсінде көрсө шошып оянардай қасіретті оқиғаларды бастан кешірді. Мен өз халқымның көнбеске көніп, шыдамасқа шыдай алатын қайратына қайран қаламын.



Қазақ халқы сан ғасырлар бойы өзінің егемендігі мен тәуелсіздігі үшін күресіп келді. Өзінің ең жақсы қасиеттерінің қатер төнген сәттерде бірігіп, ұйымдаста білуінің, сондай-ақ басқа халықтармен бейбітшілік, келісім мен тату көршілік жағдайында тұруға деген ынтымыласының арқасында ол тарих тасқынының астында қалып қоймай, өзінің мемлекеттігін қалпына келтіре алды.

*Садаған кетейін, айналайын халқым!*



Өзін-өзі сақтап қала алған халық, өте  
талантты халық.



Рұхы еркін халық қана ұлы істерді  
атқара алады.



Қазақ баласының мызғымас та  
мұқалмас ерлік дәстүрінің тамыры  
теренде жатыр.



Өліге де, тіріге де бар жанымен беріліп,  
қызмет көрсететін мұндаі халық: ер  
мінезді, ақ көңілді, қолы да ашық халық  
дүние жүзінен табыла қояр ма екен?!



Біз — қашанда өткенге салауат айтып,  
жарқын болашақтан жақсы үміт күткен  
халықпыш.

*Садаған кетейін, айналайын халқым!*



Маған ары үшін жанын садаға ететін  
осындай текті халыққа, мені ұлым деп,  
перзентім деп төбесіне көтерген халыққа,  
арғы-бергідегі қазақ баласының бірде-  
бірінің пешенесіне бүйірмашан бақыт-  
ты — толыққанды, тәуелсіз мемлекет  
құрудың басында болу бақыттың бүйірт-  
қан халыққа қызмет етуден артық еш-  
теңенің керегі жоқ, осы жолда мен  
бойымдағы бар қайрат-қабілетімді, білім-  
білігімді аямай жұмсаймын, қандай тәуе-  
келге де барамын.



Мен жеткен жеңістерім мен алған асуларамды, ең әуелі тұған халқыммен байланыстыруға дағдыланған адаммын. Сондықтан болар, қиналсам да, қуансам да бар-жоғымның сыншысы, арнамысымның өлшемі тек халқым болсын деп ойлаймын.

*Садағаң кетейін, айналайын халқым!*



Құдай қазаққа қырын қарамаған:  
пейіліне сай етіп ұлан-ғайыр жер берген,  
асты-ұстін толтырып кен берген, мейірбан,  
ақ көңіл, адал ел берген, жаны үшін малын,  
ары үшін жанын садаға ететін ер берген.



Мен осы халықтың қаны мен жанынан  
жаралған перзенттін, сондықтан да қиын  
кезеңде өз мойныма түскен ауыр жүкті  
мойымай көтеруге міндеттімін.

*Ой бөлістім халқыммен*



Маган тіл, діл, өмір, тіршілік сыйлаған  
тұған халқыма бар есті тірлігімде қарыздар  
болып өтемін!



Ұлттың ұлы болмай тұрып, адамзаттың  
перзенті болу мүмкін бе? Мүмкін емес!



Біз қандай қыын-қыстау сындарда да  
өзіміздің жауынгерлік даңқымызға дақ  
түсірмеген халықтыз.

Төртінші  
тарау

---

*Дүйенсіздік – мәдекелі  
тыфратындардың еншісі*



Тәуелсіздік — тарихтың мәңгіге бөліп берген еншісі емес, халықтардың мамыра-жай өмір сұруіне берілген кепілдік те емес: аңғал болмағанымыз абзal.



Тәуекелі тұратындардың ғана қолы жетпесе, Тәуелсіздік бола ма? Азаппен, арпалыспен келмесе, Азаттық бола ма? Оңайлықпен келсе, оның қадірі бола ма? Қадірі жоқ нәрсе қолда үзақ тұра ма?



Алда тұрган сын белестерден білекке —  
білек, жүрекке — жүрек, тілекке — тілек  
қоса білсек қана абыраймылды өте аламыз.



Тәуелсіздіктің қайта оралғаны — біздің ата-бабаларымыздың санғасырлық азаттық күресінің занжды өтеуі. Жаратқан Иенің жасаған әділдігі. Ата-бабаларымыздың осыншама байтақ жерді ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап қалғанының арқасы.



Дүниеде тәуелсіз Қазақ елі бар.  
Әлемде егемен Қазақстан бар.  
Оның көп ұлтты, тату, ынтымақшыл  
халқы бар.

Қуатты экономикасы, сенімді саяси  
жүйесі бар.

Ең бастысы — бүгіннен нүрлі, бүгін-  
нен кемел болашағы бар.

Сол күнге берік сенім бар!



Енді біздің ел атқа қонады: дүйім дүниенің қандай дүбірлі додасына да тайсалмай түсіп, кім-кіммен де жалтақсыз жарысатын болады.



Басқаға жалтақтайтын құннен кеттік.  
Бар байлығымызды өзімізге бүйіра-  
тын еттік.

Қоғамның саяси тұрақтылығы мен бірлігіне жеттік.

Қысқасы, егемен ел болудың ең ауыр белесінен өттік.



Біле білсек, осы он жылдағы еңбегіміздің ең басты қорыттындысы — ел болғанымыз. Ел бола алғанымыз. Біз мемлекет құрдық. Құрғанда да, аты бар да заты жоқ мемлекет емес, бүкіл адамзат танитын, танып қана қоймаған, мойындаіттын, құрметтейтін мемлекет құра алдық.



Қазақстанның тәуелсіздігі бейбіт жолмен келді. Бұл — азаттық үшін алысқан мың-мындаған азаматтардың қасиетті қанының өтеуі. Бұл — бүкіл тарихында өзгелерге қиянат жасау дегенді білмеген халықтың пейілінің қайтарымы.

---



Тәуелсіздік Түүн тігуге қаншалықты қажыр-қайрат керек болса, оны құлатпай сақтап қалуға соншалықты қажыр-қайрат керек.



Алдымызда асу-асу белдер бар, ұлт жолында үйтқи соғар желдер бар. Бел де талар, жел де беттен қағар. Бәріне көну керек, бәріне төзу керек.



Тенге — ел тұрақтылығы мен тәуелсіздігінің белгісі.



Қаз тұрып, қадам басқан Тәуелсіздік  
сәбилік тұсауын өміршең уақытқа  
кестірген кезден бастап, Қазақстанымыз  
айшылық жерді алты-ақ аттаған алып  
секілді, дәуір жалынан мығым үстап,  
тізгінін бекем қаға білді.



Аталарымыздың тар кезеңде табысып, бірлік-берекесін көрсеткен жақсылығымен қатар кеңшілікке шыққанда кесірлік танытып, ала болып ауыздағыларынан айырылып, өзара қырқысып кететін жаманшылығының қабат жүретіндігі де өзекті өртейді.



Қазақстанның аспан түстес Туының бетінде алтынға айналған бүркіт қанат керген. Осынау тәуекелі келіскең мазмұнды да мағыналы нысанның бойында табиғат та, тіршілік те, тарих та тоғысып жатыр.



Еңсесі түскен елдің есін жигызған, жапа  
шегіп зар жылаған халықтың көзінің  
жасын тыйғызған кімдер еді?

Азаматынан айырылған арғымаққа  
қайтадан ер салдырған, тұтастық туын  
қолға қайтадан алдырған кімдер еді?

Қасиетті бабаларымыз — Төле би,  
Қазыбек би, Әйтеке би еді.



Біз ендігі жерде Ресеймен қарым-қатынасты Біріккен Ұлттар Ұйымының тең қатарлы мүшелері ретінде сенімді әріптестік жағдайында жалғастыратын боламыз.



Бәрін де тарихтың сыйй-сыбағасы деуге болар, алайда жан-жүргегінің аңсары болған азаттықты ешкім де сыййға тарта алмайды.

Азаттық дегеніміз — бұл әлемдік тарих толқынында өзінің субъектілік құқығын сезінетін және оған жауап берे алатын халық болмысының жалғыз ғана үлгісі.



Біз тәуелсіздік алғаннан бері бірыңғай ізденіс үстінде келе жатқан елміз. Ізденіс үстінде дөп басу да, мұлт кету де бола береді. Ештеңе істемеген адам ғана қателеспеуі мүмкін.



Қандастарымызға қаратып айтар жайдың тағы бірі — тарихи Отанына оралған ағайын, ең алдымен, «Қазақстаным маған не береді?» деп емес, «Мен Қазақстаныма не беремін?» деп ойланғаны да дұрыс болар еді.



Бүгінгі біздің тәуелсіздігіміздің қайнар көзі — қазақ халқының сан ғасырлар бойғы күресінде, азаттыққа ұмтылған қайсаrlығында жатыр.



Бойында қаны бар, намысы бар әрбір азамат: «Енді тәуелсіздікті қалай кемелдендіреміз, елдің көсегесін қайтсек көгертеміз?!» деп ой-санасын қамшылауы керек.

*Тәуелсіздік — тәуекелі тұратындардың еншісі*



Халық кешпейтін бір-ақ нәрсе бар:  
елдің қолына зарықтырып келіп қонған  
бақыт құсынан — Тәуелсіздіктен  
айырылуды кешпейді.



Тәуелсіздіктің тар жол, тайғақ кешуінен,  
беттен қағар желінің есуінен тайсалмауга  
тиіспіз.

*Oй бөлістім халқыммен*

---



Мәселе — қай топтың жеңетіндігінде  
немесе билік басына кімнің келетіндігінде  
емес, мәселе — тәуелсіздіктің тағ-  
дырында.



Азаттық жолы ұзақ та тауқыметті.  
Оны баянды ете білу де оңай шаруа емес.



Өтпелі кезеңнің өкпек желі согар да  
өтер.

Бесінші  
тарау

---

*Ана тілі –  
ұлтының айнасы*

*Oй бөлістім халқыммен*



Толыққанды тілсіз толыққанды ұлт болуы мүмкін емес.



Ұлттық сана ұлттық тілмен қалып-тасады.



...Қазақ тілі өзінің барша құдірет-  
қуатымен әлемдік тіл кеңістігінің  
құрамдас бөлігі болып табылады. Қазақ  
тілінің жетістігі — украин, өзбек және орыс  
тілдерінің жетістігі сияқты бүкіл адамзатқа  
ортақ мән-мазмұндық байлықтың бір  
бөлігі. Әлем халықтарының бірде-бірінің  
сөздігінде ұшыраспайтын, тек қана қазақ  
тілінің мүмкіндіктері арқылы нақтылы  
құбылысты танып-түсінуге болатын  
сөздер бар.



Жыраулыққа, аңыз айтуға бейімі бар,  
ақыл-парасаты мол адам халықтың  
рухани ақыл-ой қазынасын сақтаушы  
ақын болған. Олардың арасынан шыққан  
негұрлым беделді де құрметті, тілі өткір  
шешендер халықтың көкейкесті ой-пікірін  
ел билеушіге бетің бар, жүзің бар деп  
жалтақтамай, көзіне тұп-тура ашық та  
батыл айтып салудан тайынбаған.



Түркі әлемінің әпостары — қазіргі түркі тектес халықтардың тарихы мен мәдениетінің біртұтас екендігін терең түсініп, жете сезіну үшін теңдесі жоқ құнды қазыналар. Сонау есте жоқ ежелгі замандарадан бері бауырлас түркі халықтарының асыл қазынасы болып табылатын әпостар олардың даму тарихындағы небір қынқыстау кезеңдерде халықпен бірге жасасып, бірге сақталып келеді.



Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндеғі мәдени тұтастығына ең негізгі үйітқы болған — оның ғажайып тілі.



...Қазақтардың рухани әлемі, негізінен, ауызекі поэзия дәстүрінің ықпалымен қалыптасып отырған. Қазіргінің талай елін қайран қалдыратын осынау байтақ кеңістікті кернеген поэзиялық әлем тек қана сұлулық пен сезімнің шеңберінде шектелмеген. Ол жаңашылдықтың жалының лаулата да білген. Содан да болар, қазақтың поэзиялық шығармашылығында мейлінше терең танымдық қасиеттер бар. Соңдықтан да қазақтың дәстүрлі поэзиясы ұдайы философиямен шендересіп жатады.



Қазақ даласында поэзия тек ақынжыраулардың ғана еншісі болып қоймаған, ол қазақ мәдениетінің барлық тамырына нәр берген.



Қазақты этномәдени тұтастық ретінде танып-түсіну үшін халықтың ауызекі сөзінің құдіреті айрықша мәнді. Әрине, жадау тірліктің жайдақ сөзі емес, бұл жерде әңгіме армансыз сұхбаттан туатын асыл сөз туралы болып отыр. Салиқалы сөз «қазақылышты» құлпыртуудың кілті болған.



Өнер әрқашанда шынайылық пен үндестікке шақырып, ұлтаралық қатынастың әмбебап тілі қызметін атқарады.



Менің терең сенімім мынада: қазақ тілі мен мәдениетін дамыту міндетін шешпейінше, ұлттық саясат мүмкін болмайды.



Ұлттың күшесіндең бірінші тетігі — тіл.



Шүкір, ел есін жиды: тілден артық  
қасиет жоқ екенін кештеге болса да тусіндік.



Қазақстанның болашағы — қазақ  
тілінде.



Әсіресе мемлекеттік қызметке қабыл-  
данған қазақ қазақша сөйлеуі керек.  
Болмаса басқа ұлттың өкіліне қалайша  
мұндаі талап қоя аламыз?



Кеше болмағанның бүгін болуы мүмкін,  
бүгін болмағанның ертең болуы мүмкін,  
бірақ ана тіліне мән бермеушіліктің, оны  
құрметтемеудің орны толmas олқылық-  
тарға соқтыратыны сөзсіз.



Ұлт пен тіл мәселесіне келгенде, ең  
бастысы, ұлттық оқшауланудан, томага-  
түйіктүйіктан қашу керек.



Сөз бұзылса, ой да бұзылады. Тіліміз  
ішкі әуезінен айырылып, сынын  
жогалтады.

*Oй бөлістім халқыммен*



Ана тілі — бәріміздің анамыз, өйткені  
ол ұлтымыздың анасы.



Ана тілін қадірлеу — әр азаматтың  
перзенттік парызы.



Абайдың сөзі — қазақтың бойтұмары.



Абайдың мұрасы — қазақтың ең қасиетті қазынасы. Абай өзінің туған халқымен мәңгі-бақи бірге жасайды, ғасырлар бойы қалың елін, қазағын жаңа биіктеге, асқар асуларға шақыра береді.



Ана тілін армансыз бойға сінірініздер, өйткені бабаларымыздың ғұмыр тәжірибесі, дүниетанымы, мінез-құлқы, өзіндік болмыс-бітімі осы тілде қаттаулы жатыр.



Тұлға деген көзқарас, шындаап келгенде,  
елге деген көзқарас.



Киын кезеңдерде ұлтты қожыратпаудың қуатты қаруы болған қазақ тілі —  
бүтінгі өмірімізде де ұлтты тұтастандырудың тегеурінді тетігі болуға тиіс.



Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін.

---



Ана тіліміз — бізді ғасырдан ғасырға,  
заманнан заманға аман жеткізген бірден-  
бір арымыз да, нарымыз да.



...Дауга салса — алмастай қиган, сезімге  
салса — қырандай қалқыған, ойға салса —  
қорғасындаі балқыған, өмірдің кез келген  
орайында әрі қару, әрі қалқан, әрі байыргы,  
әрі мәңгі жас, отты да ойнақы Ана тілінен  
артық қазақ үшін бұл дүниеде қымбат  
не бар екен?!



Бізге Ана тілімізден асқан тарихи мұра жоқ. Ендеши, оны жан аямай қастерлеуден асқан биік парыз жоқ.



Әр елдегі қазақ әр елдің тілін мықтап игерсе, ол — білім. Ол шетел тілінде сөйлесе — тіпті жақсы. Бірақ он шетел тіліне орап, ана тілін тұншықтырып, көміп тастаса — ол кешірілмес күнә.



Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұгастығына ең негізгі үйітқы болған — оның ғажайып тілі.



Тарих пен тіл тамырлас.



Жақсы шығарма — жан серігің. Сәтті сомдалған кейіпкерімен қоса қуантады, ойландырады, мұңдайтады.



Діл деген догма емес. Ол да өзгеріске түседі. Әрине, бұл — үзақ процесс, қыннан процесс.



Ғасырлар бойы бірде ерлікке, бірде ездікке тартып келген екі мінез бүгін де бойымызда бар. Жақсы жағын ойдағыдай жалғастырып сезіне алмадық, жаман жағынан біржолата безіне алмадық.



Біз жиырма бірінші ғасырдың қазақтардың шындалп бағы жанатын ғасыры болуы жолында, қай жағынан да көсегесі көгерген халықтар қатарына қосылуы жолында бәріне де тәуекел ете алуға тиіспіз.



Біз етекке жабысқан, агайынмен алысқан, билік жолында ұлттың ұлы мұраттарын да ұмытып кететін адамдарды айыра білуіміз керек.

*Ой бөлістім халқыммен*



Халқына жаны шындал аштын  
қайраткер орға жығатын емес, өрге  
шығатын жол сілтейді.



Отаршыл заманды еске салып,  
халықтың намысына тиетін атауларды  
да, тілдің төл заңдылықтарын, табиғи  
үйлесімін бұзып тұрган атауларды да  
өзгерту керек.

*Ана тілі — ұлттымыздың айнасы*



Ұлттық сипатқа айналған дәстүріміз бен  
дүниетанымызызға сырттан келіп,  
түзету жасағысы келгендерге жол бере  
алмайтындығымызды ашық айтамыз.



Ұлттық мұддеге қызмет ету үшін әркім  
өзгені емес, өзін қамшылауға тиісті.



Ұлттық намыс — ұлы ұфым.

*Oй бөлістім халқыммен*



Қазір бой жарыстыратын заман емес,  
ой жарыстыратын заман.



Колымыздан қайрат, санамыздан ақыл  
кетпесе, жақсылыққа жетеріміз де хақ.



Ұлылардың мұрасы да, мұраты да,  
атақ-даңқы да, мерейтойы да — кейінгіге  
үлгі. Ал үлгіге қарап ұрпақ өседі.



Адамның ішкі жан дүниесінің тазалығы мен діни сенімі бір-бірімен тығыз байланысып, қатар жүрері хақ.



Діннің тұтастығы — елдің тұтастығы: діни алауыздық ұлттық алауыздыққа апарып соқтырады.



Жалпы, екі заттан — діни фанатизм мен діни көрсөкүрлықтан бірдей сақтанған жөн.



Дін — ұстараның жүзіндегі нәзік нәрсе. Мұнда жаза басып болмайды.



Жалпы, кез келген істе, ең абзалы — түсіндіру, ұғындыру. Экстремизммен күресте де солай ету керек. Әлемдік тәжірибе күш көрсетуге иек арта беру экстремистік пигылдарды қоздыра түсетінін дәлелдейді.



Біздің бәрімізде хаққа бастайтын жол біреу. Сондықтан да діндер арасындағы әлдеқайда белсенді үн қатысадың уақыты жетті.



Дін — жаңандану дәуірі басталғанға дейін дүниеде гуманизм мен үндесу идеясын сақтаған және таратушы бірден-бір жаңандық құбылыс.



Адамның санасында діни және ұлттық сезімдер әрдайым тығыз астасып жатады.



Діни фанатизм нанымның кеңдігінен  
емес, шынайы діни мәдениеттің  
кемдігінен шығады.



Мен «Адам Құдайға жақын болу үшін  
оған өмір бойы сапар шегуі керек» дегенді  
жұбаныш етемін.

*Oй бөлістім халқыммен*



Θзімізді жамандаЙ бергенде, бізге  
жақсылықты кім әкеледі?!



Сөзден жаңылып, ізден адасатын  
ретіміз жоқ.

Алтыншы  
тарау

---

*Тарихтан тәсүлді  
ала алсаң,*

*Oй бөлістім халқыммен*



Тарих — кім-кімнен де жоғары  
тұрған үғым.



Тарих — өткеннің сабағы, алдағының  
кейінгіге өнегесі.



Тарих жолы қашанда тайғақ.



Бұғынгі қазақ халқы — сонау есте жоқ ескі замандарда-ақ тұлпарларының түяғымен дүниені дүр сілкіндірген көне сақтардың, ежелгі ғұндардың, байырғы түріктердің ұрпағы, ұлken үйдің қара шаңырағын атажұртта сақтап қалған халық. Бұл — ескіден қалған көне жәдігерлер, сақ заманының қуәгері «Алтын киімді адамның» алтын тостағанындағы және Түрік қағанатының тарихын танытқан Орхон—Енисей мен Талас жазбалары дәлелдеген шындық.



Тарихтың даңғыл жолынан Қазақстан да шет қалған жоқ. Оның ежелгі жерінде көптеген мемлекеттік құрылымдар өмір сүріп, олар да адамдар сияқты басынан балалық, жастық, кәмелеттік дәуірлерді өткізіп, құлдырау және құлден қайта бой көтеру дәуірлерін бастан кешірді.



Қазақ ұлтының бүгінге дейінгі қат-қабат тарихының мазмұны — азаттық үшін күреске сайып келеді. Елдік пен бостандық жолындағы күресіміздің байырғы скиф, ғұн, оғыз, сақ, үйсін, қаньлы, қыпшақ замандарынан кешегі шерлі Желтоқсанға дейінгі санғасырлық шежіресі бар.



Екі құрлық тоғысындағы бұл кеңістік тек жаһанды жауап алар жойқын жорықтардың ғана емес, дін мен дінді, мәдениет пен мәдениетті, ұлт пен ұлтты үластырар тарихи тамырластықтың да ұлы арнасы бола білді. Атақты «Жібек жолынан» көп бұрын біздің дәуірімізге дейінгі мыңжылдықтарда Ежелгі Элладаны Қыыр Шығыс халықтарымен жалғастырган даңқты «Дала жолы» тап осы өлкенің үстімен өтті.



Мәртебелі болашақ туралы армандаі  
отырып, мереілі өткенімізді де жады-  
мызда сақтағанымыз жөн.



Бабаларын қалтқысыз қастерлей алған  
халық балаларының болашағын да  
қапысыз қамдай алмақшы.



Жұртымыз халықтығына қатер,  
мемлекеттігіне қауіп төніп, айдарлысы  
құлға, тұлымдысы күнге айналғалы тұрган  
сын сағатта ағайын арасындағы бұрынғы  
өкпе-назды сыртқа ысырып тастап,  
намыс туын көтеріп, ардақ тұтқан  
азаматының төңірегіне топтаса білген.  
Аргы-бергі тарихымызда оған мысал көп.



Қазақстан жерінде байырғы да төлтума өркениеттің өсіп-өркендерегінін біз әрі мақтаныш, әрі таңданыс сезімде танып-біле бастадық. Қазақтың ұлан-байтақ қуаң даласы бір кездері Еуразияның ұлы қеңістігіне тіршілік ырғағын дарытқан. Қекжиекпен астасып, үнсіз мұлгіген бейіт-қорымдар әлемдік ауқымдағы оқиғалардың күәсі. Осы даладан бірде бейібіт, енді бірде жорық сапарымен қиянға аттанған бабаларымыз өзімен бірге талай елге жеткізген білім-біліктің кейін талай-талай айтулы жаңалықтарға тұғыр болғаны да белгілі.



Біздің ата-бабаларымыз Қиыр Шығыстан Батыс Еуропаға дейінгі, Сібірден Үндістанға дейінгі аумақты алып жатқан мемлекеттердің дамуында екі мың жыл бойы елеулі рөл атқарып келді.



Орасан зор кең-байтақ аумақты қоныстанған көшпелілер Еуразияның этностық және мемлекеттік бет-бейнесін бір емес, бірнеше рет өзгертуі.



Желді тоқсанның ызғарлы табиғатын жүмсағтып, жанымызды жарқын шуаққа бөлеп, көк аспан көңілімізді шайдақ ашқан мемлекеттік мерекеміз біздің тарихи көшімізді ғасырдан ғасырга жалғай береді.



Нақ осыны маңдайымызға жазған Тарих біздің ұрпаққа тәуелсіздік бастауында тұру құрметін беріп, туған Қазақстан үшін жауапкершілікке бөледі.



Тың игеру — бұл жиырмасыншығасырдың аса зор әлеуметтік-экономикалық жобасы, оған үқсас жоба әлем тарихында болған емес.



Θзінің ядролық арсеналынан бастартып және әлемдегі аса ірі ядролық полигонын мәңгілікке жауып, дүние жүзіне үлгі көрсеткен де Қазақстан болды.



Әр халықтың тарихында есімі мәңгі өшпестей ел жадында сақталатын тарихи тұлғалар болады. Қазақ халқының тарихындағы сондай киелі тұлғалардың бірі ғана емес, бірегейі — Абылай хан.



Біз аға үрпақтың абырайлы істерін одан әрі жалғап, бізден кейінгі үрпақ жаңылмай жүретін жол саламыз. Бұл жол — тәуелсіз Қазақстанымыздың гүлдену, өркендеу және даму жолы болады.



Біз тойларды тарихтан тағылым алу,  
ұлылықтан ұлагат алу үшін өткізуіміз керек.



Өткенниң өкінішін айтқанда, елдің  
еңсесін езе түсетіндей етіп емес, тарихтан  
тағылым алып, кемшіліктерден безе  
түсетіндей етіп айту керек.



Өткенге қарап, ертеңінді түзе.



Тарих бізбен тоқтап қалмайды.



Қазақтың тек өз төл тарихы, әдебиеті мен мәдениеті әлі талай үрпақ үшін таусылмайтын қазына. Үрпаққа өнеге болар өзіміздің хан-сұлтан, батыр-бағлан, би-шешен, ақын-жазушыларымыз қаншама. Ендеше, біз неге әйтеуір киіз туырлықта дүниеге келді екен деп, есте жоқ ескі дәуірдің ерлерінің жыртысын жыртамыз. Қайта, керісінше, бүгінгі үрпаққа өз ата-бабамыздың өнегелі тарихын ұсынбаймыз ба?! Үлттық тәрбиенің өзі осындаидан басталмаушы ма еді?!



Өмір де аққан дария сияқты, бір орнында түрмақ емес.



Қасиетті қазақ жері — ата-бабаларымыздың даңқты тарихын атының тұяғымен жазып кеткен жер.



Жалпақ жұртыңды, иісі алашыңды құрметтеу — алдымен өзің тұрган өлкениң тарихын, табиғатын танудан, адамдарын ардақтаудан басталады.

---

*Тарихтан тағылым ала алсақ*



Өткеннің өнегесі — бүгінгінің баға  
жетпес байлығы.



Тарихты елдің азamatтары жасайды.



Қазақ ұлты, басқа қай ұлтпен салыс-  
тырғанда да, мемлекеттікке лайық  
екендігіне сенімдімін. Мұны ол өзінің  
бүкіл тарихымен дәлелдей отыр.



Қазақ тарихында қазақ ұялатын ештеңе жоқ.



Ата-бабаларымыз бізге бірліктің, ынтымақтың, тұтастықтың ұлы үлгісін көрсетіп кетті. Қазақстанның арғы-бергі тарихының ең гибратты тағылымы, міне, осында.



Қазақтың кең-байтақ жерінде аңызға айналмаған тұс тіпті аз, бәрі де қастерлі өлке, қасиетті мекен.



Өткендей тану, тарихты терең пайымдаңап,  
оған әділ баға беру — үлкен парасаттылық  
пен жауапкершілікті талап етеді.



Өткендердің қадірін білу, олардың  
арман-мұдделерін жалғастыру — адам-  
гершілік парыз ғана емес, қоғамдық  
дамудың, ілгері басудың негізгі алғышарт-  
тарының бірі.



Тарихты жеңіл-желпі аңыз сөздердің жиынтығы деп қарайтын адамдар, шынында да, тарихтан тағылым ала алмайтын.



Өткен заманды аңсау емес, тауқыметі мол болса да, өзіңе етene жақын өз тарихынды қастерлеу қажет.

*Тарихтан тағылым ала алсақ*



«Көшпелілер мал жайып өткен жерінің бәрін өздерінікі санай берген» дейтін сандырақты ғылыми тұрғыда әшкереleу шарт.



Тарихтың тағылымы бізден ел қамын ойлар естілікті тілейді.



Адамзат өркениеті — халықтар мен мемлекеттердің тарихи аренага келуінің, гүлденеуінің және одан кетуінің үздіксіз құбылысы.

*Ой бөлістім халқыммен*

---



Атадан қалғаның бәрі бірдей алтын  
емес.



Қазақтың бүкіл тарихы — бірігу тарихы,  
тұтастану тарихы.

Қазақ — тек бірігу, бірлесу жолында  
келе жатқан халық.

Жетінші  
тарау

---

*Әмбірлігі -  
асыл қасиет*

*Ой бөлістім халқыммен*



Қазақ халқының ынтымағы мен бірлігі мықты болмайынша, мемлекетіміздің тұтастық келбетін сақтау мүмкін емес.



Қазақтың бәрі де бір-біріне ағайын.



Ел бірлігі — ең асыл қасиет.



Бірлік, ынтымақ, сабырлылық пен  
парасаттылық, ең алдымен, өзімізге —  
қазақтарға керек.



Бірлік — біздің қасиетті туымыз.



Үдеудің сыры — бірлікте,  
Жүдеудің сыры — алауыздықта.

*Oй бөлістім халқыммен*



Бірлігі жақсының тірлігі тапшы болмайды.



Бізді біріктіретін жеке бастың қамы емес, бізді ел туралы биік ұғымдар, ортақ мұдделер ғана біріктіре алады.



Көршілік хақысы мұдделерді біріктірмей қоймайды.



Бақ та, тақ та таласқанға бүйірмайды,  
халықтық істе жарасқанға бүйірады.



Біздің бабаларымыз тірі болуы үшін  
бір болған, біз ірі болу үшін бір болуымыз  
керек.



Ортақ мұдде ортақ жетістіктерге жігерлендіруге тиіс. Бүгінде Орталық Азияда қоян-қолтық жатқан бауырлас елдердің бәрінің мұддесі біреу — ғасырлап күтіп, әзер қолы жеткен азаттықтан айырылып қалмау. Ол үшін ішкі татулықты да, сыртқы татулықты да көздің қарашығындаï сақтай білу керек.



Тек бірлесіп қана, бүкіл халықтың күшжігерін біріктіріп қана біз алға баса аlamыз.



Тұрақтылықсыз баршаның бақуатты болмасын халқымыз жақсы түсінеді. Біздің халықтың кемел даналығы да осында.



Егерде халықтың бірлігі болмаса,  
отансүйіштік жанқиярлығы болмаса, бұл  
жер, қазақ деген халық, Қазақстан деген  
тәуелсіз ел де болмас еді.



Бірлігі берекелі, тірлігі мерекелі, ынты-  
мағы жарасқан елдің ғана ырысы мен  
табысы мол болмақ.



Ел бірлігі — ең асыл қасиет.



Адам мен адамды, халық пен халықты,  
ел мен елді жақындастырар ең берік  
дәнекер — мұдде бірлігі.



Жүзге, руга бөлушілік — қоғамды  
артқа тартатын, ұлт тұтастығына нұқсан  
келтіретін нәрсе.



Ауызбіршілік жоқ жерде ешқашан да  
ұлттық идеялар жүзеге асқан емес.



Қазақты еш уақытта сырттан жау алған  
емес, ала алған емес, қазақ әлсіресе —  
алауыздықтан әлсіреген, күшейсе —  
бірліктен күшейген.



Елдік тұастыққа жік түсіретін, ағайын  
арасын сұytатын қадамдардан аулақ  
болайық.



Қазақ өзімен-өзі тату болмай, өзгемен  
ешқашан тату бола алмайды.



Біз Ордабасыны бабаларымыздың  
бастамасымен баян тапқан берекелі  
бірліктің құт ұясы деп білеміз.



Бабаларымыз өзгелердің төріне шығу  
үшін өзі де меймандарына қақ төрінен  
орын беріп, құрмет көрсеткен.



Ендігі жерде біз бәріміз бір атаның —  
қазақ халқының ұлымыз. Ендігі жерде  
бәріміздің туган жеріміз біреу — ол  
жалпақ қазақ даласы.



Өз халқын сүйетін адам, өз жұртына жақсылық тілеген кісі өзге халықтарды ашындырмайды, өз ұлтын ешкімге қарсы қоймайды.



Жұлдыздың жаманы Айды күндейді.



Отбасында екеу келіспесе — шаңырақ шайқалады, екі басшы келіспесе — компания күйрейді, ал ел ішінде, ұл пен ұлыс арасында жанжал шықса — мемлекет құлайды.

---



Еңсесі биік елдікке есі кеткен ғана  
топырақ шашады.



Қазақстандағы ұлтаралық жарастық-  
тың негізгі үйіткышы болу міндетін  
алдымен осы атамекеннің иесі — қазақ  
халқы өз мойнына алыу керек.



Атырау мен Алтайдың арасындағы алып дағаны жайлап жатқанда, мемлекеттің реттеуші тетіктері іске қосылмай тұрған кездің өзінде, ешқашан да, еш жерде де қазақта тайпа мен тайпа тұрмақ, ру мен ру соғысып көрмеген!



Ордабасы биігінде бар қазақтың басын қосып, тірі қалу үшін ірі болу керектігін, ірі болу үшін бір болу керектігін ұрпақтан ұрпаққа ұқтырып кеткен үш ұлы биіміз — Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке би — алдымен қазақтың бар баласының азаттықты мұрат тұтуын қамдаған.

---



Жаулықтың ең үлкені, ең қыны —  
ынтымақ үшін ымыраға бара алмау.



Тайталасу жолы орасан зор сілкініске  
және сан мыңдаған адам құрбандығына  
әкеліп соғады.



Біз келісім саясаты мен парасатты  
ұлттық стратегиясыз ешқандай міндеттерді  
шеше алмаймыз.

*Ой бөлістім халқыммен*

---



Жаңа қоғамға өтудің, қуатты мемлекет  
құрудың негізгі тетіі — саяси тұрақтылық.



Кіммен дос болу, кіммен жақындасу,  
кімнен өзінді алысырақ үстау — үлтты  
сақтаудың кепілі.

Сегізінші  
тарау

---

Філология -  
чының ғылыми



Адамзаттың арманы — рухани  
бостандық пен сөз еркіндігі.



Адам мен оның өмір сүру құқығы,  
бостандығы — қоғам дамуының басты  
басымдығы.



Көзсіз көнгерілік те, ессіз күстаналық  
та — бірдей қауіпті.



... соғыс ең басты құндылықты —  
адамның өмірін үзіп түседі. Ал өмірден  
артық ештеңе жоқ.



Ұлттық идея — идеология жәдігөй-  
лерінің ашқан жаңалығы емес, миллион-  
даған адамдардың өздерінің ұлттық  
міндеттерін түсінуінің жемісі болып  
табылады.



Сын сағатта елдігіміз де, ерлігіміз де  
бойымыздан табылуға тиіс.

---



Кез келген, тіпті ең керемет деген идеялардың өзі, егер оларды жүзеге асыру үшін адам қанын, көз жасы мен тақсіретін талап етсе, көк тиындық құны болмайды.



Менің ойымша, ең жақсы идеология — өмірдің өзінен туындағышын идеология.



Шығыстың саяси мұddeлері көбіне-  
көп дәстүршіл топтардың қолдауына арқа  
сүйейді.



Саяси элита жалпығулттық мұдделердің білдіру, оны барынша дәл сәулелендіру, сөйтіп халықтың өзін-өзі танып, бағалау дәрежесін көтеру қабілетімен емес, сол мұдделердің жүзеге асырудың жолын табу қабілетімен де дараланып тұруға тиіс.



Қоғамдық дамудың өзіндік ішкі заңдылықтары бар. Экономикада ертеңгі істі бүгін атқарып тастауға болар, бірақ саясатта ертеңгі істің ертең атқарылғаны жөн.



Бір кезде біреулердің еркінің қолжаулығы болған едік, енді тағы біреулердің пікірінің қолжаулығына айналмасақ еken!



Билік үшін қурестегі батылдық пен билік басындағы батылдық екі басқа.



Асықсақ, асығайық, алайды аптықпайық.  
Бәрі де жөнімен жүрсін.



Ұлттық идеяны ұлттық астамшылық идеясына айналдыру ешбір этносқа да опа берген емес.



Бойымыз да, ойымыз да азат болсын.



Әскери қақтығыстардың жосықсызың екенін әлемнің ұғынғанына зор сенім артсақ та, парасатты мемлекет басқа үкіметтердің уәдесіне сеніп қана қоймай, өз елінің қуатына да сүйенетінін ұмыт-пағанымыз жөн.



Көпүлттылық — қоғамның кемшілігі емес, артықшылығы.



Адам баласы қай жерде жүрсө де өмірге шыр етіп түсіп, ана әлдиін естіген-нен бастап, өзін — қазақпын, орыспын, украинмын, өзбекпін деп сезінеді. Адам бойындағы бұл сезімді қандай аса зор идеологиялық қарумен атқыласаң да, шапқыласаң да құрттып жібере алмайсың.



Бүкіл кеңестік тарих қолында халық-тардың құқын таптау мен тікелей геноцид қаны бар.



Саяси сұрқияларды адамның көз жасы да, кінәсіз құрбандықтар да тоқтата алмайды.



Біз тұрмыстағы ұлтшылдықты, чиновниктік мейірімсіздікті, бүқаралық ақпарат құралдарындағы ойланбай жарияланған мақалаларды назардан тыс қалдырмауға тиіспіз. Бұл жеке-жеке оқиғалар болып көрінер, бірақ ол ауыр зардаптарға да әкеліп соғуы мүмкін.



Ұлт мәселесін шешудің әмбебап әдістері болмайды.



Θз қатенәді өзің түсініп, өзің түзете біл:  
саясатшы даналығы дегеніміз — осы.



Мемлекет, қоғам, ұлт деңгейінде  
пайымдайтын зиялышарымыз — біздің  
бага жетпес байлығымыз, сарқылмас  
қазынамыз.



Ұлыстың ұлы күні — көңілде кірбің  
қалмай қауышатын, түсіністікпен  
табысатын күн.

---



Наурыз — Жыл басығана емес, берекебірліктің, ізгілік пен татулықтың, қайырымдылық пен кешірімділіктің, бауырмалдықтың мерекесі.



Уақыттың бір қасиеті — сенбесті иландауды, көнбесті ырқына алады.



Кеше әлі ерте болған, ал ертең кеш болып қалуы мүмкін сэттер болады.

---



Кейде бүгінгі мүмкіндіктердің ертең  
қатерге айналуы немесе керісінше болып  
шығуы да әбден мүмкін.



Оңалту үшін кейде оташылық тәсілді  
де қолдануга тура келеді.



Иә, бүгін бәріміз де қиындықтар  
салмағын сезінудеміз, бірақ қиындықсыз  
кеzeң болған ба: тарихтың парагы —  
кітаптың парагы емес қой?!



Идеялық бағдарламалар догмаларға емес, өмір шындығына негізделгені маңызды.



Дүние жаңандық, өзара тәуелділік сипат алды: жаңандық әріптестік үстемдік ету үшін бұл таным біздің берік принципі-мізге айналуы тиіс.



Мемлекеттік идеологияның бізге аса қажет бір ірі бүтәғы, қомақты тармағы — халықты, ұрпақты патриотизмге, отаншылдық рухқа, елді, жерді сүюге, қорғауға жұмылдыру.



Әлсіздің өзіне одақтас болатын күштіні таңдамайтыны ақиқат, ал өзінен күштіге бағынуға мәжбүр болатынын аңдамайтыны өкінішті.



Байсалды саясаткер «өзімнің іс-әрекетім баспасөз бетінде нашар баға альш қалуы мүмкін-ау» деген қауіп-қатерден қорықпауға тиіс.



Реформаларды жақтайдындардың қатарын жаппай көбейту — экономикалық қана емес, идеологиялық та міндет. Бізге қазір жартылай социалистік ұрандардың басын онды-солды қоса салған қойыртпақ емес, реформашылық идеология керек.



Жол іздең табар берік білік, терең  
танымың болмаса — адасуың түк емес.



Кез келген реформа тек күшті өкімет  
пен көсемдердің саяси еркі арқылы және  
халықтың барлық топтары қайта құрудың  
мәнін түсінумен қабылдаған кезде ғана  
мақсатқа жете алады.



Ең басты міндет — қайталап айтамын,  
халықтың рухын көтеру. Өзіне деген  
сенімін арттыру.



Зиялдылар бірлігі — ел бірлігі.



Ұлылар қашанда халықты рухани  
асылдандырып отырған.



Ақынның, шешенниң данагей өзі халық  
үшін қашанда қастерлі, қашанда қасиетті.



Ұлылардың ұлағатын ұмытпау — ел  
боламыз деген халықтың тарих алдын-  
дағы парызы.



Иә, қай кезде де ұлыны ұлы түсініп,  
бағалаған!



Зиялыштар — қай заманда да өмір сыры мен сынын жан-жүрегімен бағамдап, толғай білген, халқының келешектегі тағдырын зерек көнілімен болжай білген жандар.



Ұлтымыздың зиялыштары — халқымыздың қиядағыны шалатын қырағы жанары, қоғамымыздың әділ қазысы.



Нағыз отаншылдықтың басты өлшемі  
де біздің зиялышарымыздың адалдығы  
мен әділдігінде, елі мен халқының  
алдындағы парызын терең түсінуінде.



Зиялышардың саясаткерлер қолын-  
дағы ойыншылқа айналуға хақысы жоқ.  
Зиялышар саясаткерлерге қарағанда  
анағұрлым аргы келешекті болжауы керек.



Тұрақтылық саяси мәселелерді шешудің күшке негізделмеген тәсілдеріне сүйенгенде ғана сақталмақ.



...жалғыз жер байлығына сеніп қалуға болмайды. Ең алдымен, ел байлығына сену керек. Ел байлығы деген не? Ол — білім, ол — жаңа технология, ол — осы заманғы инфрақұрылым, ол — бәрінен бұрын отаншылдық сезім, қазақстандық патриотизм.



Саясаттың негізгі мақсаты — адам  
қамы, қоғам қамы, ел қамы.



Саясат безбеншісі — ел.



Саяси мұрат пен саяси ақиқаттың  
орнын алмастыру әлі бұғанасы бекіп,  
қабырғасы қата қоймаған жас мемлекет-  
тің шаңырағын шайқалтар шатқалаңдарға  
ұрындыруы мүмкін.



Өзгелердің тек қатесінен ғана емес,  
жетістіктерінен де үйренген жөн.



Біз өзіміздің арғы, бергі ата-бабаларымыздың жүздеген буынының қалдырыған өсиетін ақтап, мұраларын сақтап, молайта беру жолында топтасуға тиіспіз.



Әлеуетіміздің асуы да, дәuletіміздің  
тасуы да өз қолымызда. Не істесек те,  
ақылмен істейік, арзан ұранға ермейік.  
Ұшпа сезімге ерік бермейік.



Нақақ көз жасы мен нақақ төгілген  
қан ешқашан да ұмыттылуға тиіс емес.



Қауесет деген қара күйе сияқты:  
күйдірмейді, күйелейді.



Проблеманы анық көре білу қажет, одан түйеңсекілді «құтылуға» болмайды.



Жұмыс іstemесен, қателік те жасамайсың. Жұмыс барысында өмір болған соң, кемшілік болмай түрмайды.



... жай жүрсең — қасірет қуып жетеді, асықсан — қасіретті қуып жетуің мүмкін.



Теңізде дауыл түрғанда, түбіндегі  
қоқыстың бәрі судың бетіне шыға келеді.



Ақыл табылмай тұрып, ештеңе де  
табылмайды.



Терроризммен құреске елігіп, елдер  
мен халықтарды «тас ғасырына» қуып  
тығу арқылы біз «терроризм» ұғымын  
келмеске кетірудің орнына, тек қана  
жандандыратын боламыз.

*Ой бөлістім халқыммен*



Тарихтың соншама бай, сан қырлы  
бөльп келетіні сияқты, танымның жолы  
да сан тарау.



Намыссыз азамат өзгелер түгілі өзінің  
көсегесін де қөгерте алмайды.



Бақыт — бағасын білгеннің ғана  
басында тұрады.

Тогызынышы  
тарау

---

Демократия жарлықпен  
орнатылмайды



Демократия — әлемнің өркениетті елдерінің таңдауы, яғни біздің де таңдауымыз.



Құқық жоқ жерде — бостандық та, демократия да жоқ.



Демократия жарлықпен орнатыл-  
майды.



Біз енді демократия мектебінен өтіп жүрген ғана ел емеспіз, біз енді тоталитарлық қоғамнан кеше ғана шыққан мемлекетте демократияның қалай қалыптасатындығын өзгелерге көрсетіп те берген елміз.



*Демократия мен әсіре демократия —  
екі басқа ұғымдар.*



Мен тирания мен авторитаризмді жан-тәніммен жек көремін. Бірақ демократияны да асыра бағалағым келмейді. «Негұрлым көптің сөзі — соғұрлым әділ шешім» деуге бейім тұратын сынар-еузулікten сескенемін.



Біздің демократиямыздың негізі — саяси, әлеуметтік және ұлтаралық келісім.



Біз қарапайым, алайда сөзсіз бір ақиқатты түсінуге тиіспіз — бүгінгі дүниеде біздің бәріміз өзара тәуелдіміз. Және бұл өзара тәуелділік кез келген жайт пен тербелісті сезінетін шетін де сезімтал тетік болып табылады.



Әркім өз сөзіне және іс-әрекетіне жауап беруі тиіс. Олай болмағанда, демократияның өзегі — бостандық бейберекет-сіздікке айналмақ.



... Жеңіліс тапқан адам ешқашан өзін жазғырмайды, әрдайым өзгені кінелауға үмтүлады. Ал жеңіс үшін қисыны қашқан деп тағдырға налу да, көңіл ауанына салыну да емес, нақты іс пен әрекет қана керек.



Егер қоғам ашық болмаса, онда оны жеке адамның немесе партияның диктатурасы алмастырады.



Қазақстан үнемі демократия жолымен жүретін болады. Бұл — менің нық сенімім және ұстанымым, менің саналы таңдауым.



Отан, Тәуелсіздік, тұрақты даму! Біздің ортақ ұранымыз осындай. Нақ осылар барша қазақстандықтардың тыныш та өркенді өмірін қамтамасыз етеді. Егер біз осы мәселеде біртұтас болсақ, онда қалғанының бәрі туралы келісе аламыз.



Мен дұрыс жолмен келе жатқанымызды, одан ауытқымайтынымызды сезінемін.



Біз конфессияаралық келісім орнатуымыз арқылы діни наным-сенім бостандығын қамтамасыз еттік.

Біз түбөгейлі экономиканы табысты жүргізу арқылы мұқтаждықтан бостандықты орнықтырдық.

Біз еліміздің қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету арқылы адамдарды үрейдеп арылттық.

Біз баспасөз еркіндігін қалыптастыру арқылы сөз бостандығын баянды еттік.

Біз ашық та еркін қоғам құрдық.

Осының бәрі қазақстандық демократияның басты жетістігі деп білемін.



Мемлекеттің міндеті — адамдардың еңбек етіп, өмір сүруінің тиісті зандақ тетіктерін жасау, конституциялық құқықтарына кепілдік беру.



Біз сөз бостандығын қолдаймыз, бірақ біз ғайбат сөйлеу мен жалған ақпаратқа қарсымыз.



Кез келген, тіпті ең тәзімді де кемел көп этности елде ұлтаралық келісім өздігінен, мемлекеттің белсененді ұлттық саясатының, қоғамдағы ұлттық элитаның белсененді рөлінсіз сақтала алады деп ойлау аңғалдық болар еді.



Демократия, еркін қоғам — бұлар жолдың соңы емес, ал біз оның дәл бастауында тұрмыз.



Мен баршага мынаны нақты айтқым келеді: біздің жағдайда биліктің әлсіздігі басқарудан айырылуды және біз қол жеткізгеннің бәрінен кері кетуді білдірген болар еді.



Билік дегеніміз — бұл, ең алдымен, жауапкершілік.



Бостандық пен либерализм заң алдындағы жауапкершілікпен тең тұрады. Адамдар емес, заңдар үстем болуы керек.



Либерализм жекелеген адамдардың «қынъырлығы мен тентектігі» алдында биліктің әлсіздігі ретінде қабылданбауы тиіс.



Жалаң тойшылдықтан, желүшты  
сөзден ештеңе шықпайды.



Мемлекеттің мемлекеттігі оның өз  
тағдырына қатысты ең маңызды  
мәселелерді өз бетінше шеше алынан  
танылуға тиіс.



Казіргі ру-тайпалық идеология — бұл  
ішкі ұлттық ыдырау мен бағдардан  
айырылудың өте қауіпті түрі.



Аз қазақтың азаматын ру, жүзге теліп сөйлеудің ендігі жерде ешқандай қисыны келмейді. Мазаққа қалмайық, ұрпақты азапқа салмайық.



Демократия — тежеусіз билеушіліктен де, босбелбеуліктен де толық ада мемлекеттік билікті қажет етеді.



Сан ғасырлар бойы рухани тәлтумалықтың Темірқазығы тек зиялыштарға емес, қара халықтың өзі болып отырған мұндай құбылыс әлемдік тарихта мейлінше сирек кездеседі. Бұл шын мәнісінде қазақ дүниетанымының төл қасиетін орнықтыруда түбірлі ықпал еткен, мазмұны мен болмысы демократияшыл құбылыс болатын.



Мениң жеті атама дейінгі жадымда сақталған бабаларымның ерліктері мен жеңілістері, бейнеттері мен жеңістері маған үдайы дем беріп, өз жолымда кездескен кез келген қызындықты жеңетіндей сенімге жетелеп отырады. Міне, дәл осындаï идеология әрбір қазақтың жүргегіне жылу берген.



Демократия — оппозиция қызметіне жол ашу ғана емес, мемлекеттіліктің бір нысаны, қоғамдық-саяси өмір ахуалының бір деңгейі.



Демократияның әдемі тонын жамыльшып, айнала бере өзгенің қолымен от көсеп, өтірік өзеуреп, жүтенсіздікке жол беру, қоғамды бейберекеттік пен қылмыстың көк тұманына батыру — өзің отырған бұтақты балталаумен бірдей.



... мен тәртіп диктатурасы, дәлірек айтқанда, ұлы мәртебелі Заңның диктатурасы салтанат құрганын қалаймын!



Әлем алуан қырлы, оның тартымдылығы да осында: ішкі мәні бірдей бола тұрганымен, демократияның бірдей нысандары жоқ, әр ел міндетті түрде өзіне тән бір ерекшелік қосады.



Бәрі де кезең-кезеңімен, жөнімен, жолымен, қоғамдық дамудың деңгейін жан-жақты ескере отырып жүргізілуі керек. Ең бастысы — ел өмірін демократияландыру әволюциялық жолмен жүзеге асырылуы шарт.



Конституция — кемел келешектің кепілі.



Сайлаудың билікке лайықты адамдардың келуіне көмектесетіні ғас, бірақ оның қоғамдық, биліктен әлдеқайда аулақ жүргені жөн кездейсоқ адамдардан қорғауға ешқандай кепілдік бере алмайтыны да ақиқат.



Парламент — саяси мәміле мектебі.



Анық көзім жеткені: билік басындағылардың популизмі де билік басындағыларға қарсылардың популизмінен кем қауіпті емес.



Егер қоғам билікті тек оның сыртқы әлем-жәлемі үшін ұнататындарға сеніп қалса, онбай қателеседі.



Адам еркін болмайынша — қоғам еркін болмайды. Қоғам еркін болмайынша — ой еркін болмайды. Ойың еркін болмайынша — ісің алға баспайды.



Адамзат өркениеті экономикада — шаруашылық жүргізудің нарықтық тәсілінен, саясатта — демократиядан, идеологияда — пікір алуандылығынан тиімді еш нәрсе таба алған жоқ.



Тек еркін де демократиялық қоғам  
ғана біздің таяу болашақтағы тұрақ-  
тылығымыз бер бақытты өміріміздің кепілі  
бала алады.



Тарих тәжірибесіне көз жүгіртсек,  
қандай болмасын демократияның елдік  
мінезге, халықтық қалыпқа, мемлекеттік  
тәртіпке бой ұсынып отырған. Осы үш  
нәрсе бойынан табылмаған жерде,  
демократияның күлі көкке ұшып,  
демагогияның құбыжығына айналуы  
күмәнсіз.



Оппозиция — демократияның бір белгісі.



Мен былай дер едім: егер саяси оппозиция болмаса, онда оны болдыруға тырысу керек.



... мен сындарлы пікір айтатын дұрыс түрпаттағы оппозицияшыларды құттықтауға, қолдауға әрқашан әзірмін.

---

*Ой бөлістім халқыммен*

---



«Егерде өзім бүгін заңға қайшы келсем, заңға қарсы шықсам, онда ертең құқығым табанға басылған кездे менің сол құқығымды кім жақтайды, кім қолдайдыш?» деп ойлау керек.

Оныншы  
тарау

---

*Сенгенің иғлікті  
енбекің болсын*



Адам атына лайықты өмір сұрудің, дәулетті тұрудың мына заманда нарықтан басқа жолы жоқ. Өйткені ол адамды өзін-өзі қамшылауға, жанын жеп жанталасуға мәжбүр ететін, сөйтіп оның бойынан тың қуат табуға итермелейтін жол.



Кәсіпкерлік — азаматтық қогамның тірегі, тұрақтылықтың кепілі.



Қазір ынтымақтасу мен іскерлік кезеңі.  
Қазір адамдардың өмірін жақсартуға  
бағытталған шағын қадамның өзі шалқы-  
ған даңғаза ұраншылдық пен үдерे  
үндеушіліктен әлдеқайда маңызды.



Адам мәңгі жасамайды, мәңгі жасай-  
тын — оның ісі.



Адамның әр ісі — жасаған барлық жақсылығы мен жамандығы — кейінгі үрпақтар тарапынан әділ бағасын алмай қоймайды.



Экономикалық бостандықсыз саяси бостандық та болмайды.



Мен әлдебір әдемі қисындардан гөрі ақылға қоныымды қарапайым істерді артық санаймын.



Бізге ұлттық буржуазия керек. Ұлттың қалталы адамдары қалыптаспайынша, көп істің қиуы келмейді. Ұлттық буржуазия пайдада болса, мемлекет мұддесін ойлайтын адамдар көбейер еді.



Адамдарға ақыл-парасат өз өмірін жақсарту үшін берілген.



Еңбек ет, өзінді, отбасыңды асыра, бала-шаганың қамын ойла: өзіңе де жақсы, үкіметке де жақсы.

*Oй бөлістім халқыммен*



Ұмтылсаң — ұтарсың.



Ұлттың бәсекелестік қабілеті бірінші  
кезекте оның білімділік деңгейімен  
айқындалады.



Жоспардан өмірдің өзі батыл екенін  
тәжірибеміз көрсетіп отыр.



Ендігі жерде біз тізімнің сонында  
қалғымыз келмейді.

Алға кеткен әлемдік өркениет көшінің  
шаңын жүткымыз келмейді. Ал бұл үшін  
бәріміз өз күш-қуатымызды, халқымызды-  
дың бойындағы барлық парасат пен зият  
күшін бір жұдырыққа жұмылдырып,  
оның күллі әлеуетін барынша пайдалануымыз қажет.



Реформа бір күнде жүзеге аспайды.  
Саяси-әлеуметтік жағдайларға сай әр  
істің өзінің уақыты, кезеңі болады.

---

*Oй бөлістім халқыммен*



Экономика ғылымға арқа сүйемейінше  
бәсекеге қабілетті бола алмайды.



Егер экономика нарықтық болмаса, ол  
тоқырауға тіреледі.



Кай қоғамда да адам өз еңбегімен  
қадірлі.

*Сенгенің игілікті еңбегін болсын*



Тапқаныңды ғана таратса аласың,  
қолыңда барыңды ғана бөліске саласың.



Экономикалық дәuletіміз артпайынша,  
рухани сәuletіміз де артпайтынын анық  
ұғынуымыз қажет.



Адамдар елдің өмірі қалай өзгеріп  
жатқанын өздерінің түрмис-тіршілігінен  
байқайды.



Нарық — ебі жоқтың ғана еншісін алып,  
күтін қашырады, ал алғырдың, амалшыл  
адамның несібесін асырады.



Ат тәбеліндей ауқаттылар тобы қалың  
кедейлер тобынан тым шырқап, оқшау-  
ланып кеткен қофам гүлденіп дамымақ  
түгіл, өмір сүрудің өзіне қабілетсіз болыш  
шығады.

*Сенгенің игілікті еңбегін болсын*



Сен үшін шенеунік шешім қабыл-  
дайтын қоғам — келмеске кеткен қоғам.



Әркім өзінің игілігіне еңбек етсін, сонда  
мемлекеттің де игілігі артады.



Нарық деген сол — жарысу, жағаласу,  
бәсекелесу, таласу, тартысу.

*Oй бөлістім халқыммен*



Нарық жағдайында фирмалардың, компаниялардың, холдингтердің бәсекелесетін сияқты, әлемде мемлекеттер де бәсекелесіп жатады.



Мемлекеттің бәсекелестікке қабілетін көрсететін басты нәрсе — экономикасы.



Мемлекет деген, ең алдымен, адамдар. Мемлекет бәсекеге қабілетті болуы үшін, адамдар, яғни бұкіл ұлт бәсекеге қабілетті болуы керек. Ол үшін әрбір адам өзін-өзі қамшылауы тиіс.

Он бірінші  
тарау

---

*Дәстүріңді баққаның -  
ұмтіңді жаққаның*



Әйел — өмір тірегі ғана емес, әйел —  
өмірдің өзі.



Шығыс халықтарының арасында,  
жалпы мұсылман елдерінде әйел затын  
бөлекше бағалайтын, қарындасты қатты  
қастерлейтін халықтың бірі де, бірегейі  
де — біздің қазақ.

*Дәстүрінді баққаның — үмітінді жаққаның*



Әйел өзін сенімді сезінген жерде —  
отбасы да берік, балаларының болашағы  
да жарқын.



Жер бетіндегі жақсылық, ізгілік,  
қайырымдылық атаулының бәрі де  
ананың ақ сүтінен тарайды.



Әйел — бесік иесі. Демек, әйелдің жайы түзелмей — бесігіміз түзелмейді, бесігіміз түзелмей — еліміз толық түзелмейді.



Әйелдің жағдайы қандай болса, қоғамның жағдайы да сондай болады.

*Дәстүрінді баққаның — үмітінді жаққаның*



Қоғамның даму барысын өмірде —  
нәзік, көңілде — биік, ал істе — мығым  
әйелдер қауымынсыз көзге елестету  
мүмкін емес.



Әйел — ошағымыздың үйітқысы,  
Отанымыздың сақтаушысы, береке-  
бірлігіміздің алтын діңгегі, ұлттық  
мәдениетіміздің мәйегі.



Рухани қасиеттерді берік ұстанып, қастерлеп сақтаудың үлгісін көрсетуші, айрықша адам — рудың жасы үлкен ақылман ақсақалы болған. Себебі ол тірі тарихқа айналған данышпан ұстаз саналатын. Көшпелілер қоғамында ақсақалдар билігі әлеуметтік үйім институттарының бірі болып табылады, өмірден өткен үрпақтар мен көзі тірі адамдар арасындағы өзара рухани байланыстың дәстүрлі дәнекер тетігі ретінде қызмет атқарды.

Демек, біз — ақсақалын ардақтаған, салт-жорасын салмақтаған жасампаз жүрттың үрпағымыз.

*Дәстүрінді баққаның — үмітінді жаққаның*



Адам ата-бабасын жамандап абыроў таппайды. Бірақ өткеннің жақсысынан үйреніп, жаманынан жирене алмаған ұрпақтың да көсегесі көгерे қоймасы белгілі.



Біздің болашағымыз — жастар. Біз жастарды жаңа өмірге бейімдей білуіміз керек.



Біз ұлы жолға шықтық, арманұды сапарға аттандық. Қолымызды — тәуелсіздіктің көк Туы, Елтаңбамызды — бар халықтың басын біріктірер киелі шаңырағымыз, арманымызды алға апарар қанатты пырақтарымыз бар.

Ұлайым, бетімізден жарылқасын!

Үлкен жолдың үстінде бізді атабабаларымыздың аруагы желеп-жебеп жүре берсін!



Еркін елдің ертеңі — кемел білім мен кемел ғылымда.

---

*Дәстүрінді баққаның — үмітінді жаққаның*



Тегін дүние мен жатылшерлік құндылықтардың бәсін түсіріп, еңбектің мәнін кетіреді, адамды босаңсытып, оның өміршендеңдігін тәмендетеді.



Мінезіміздің жақсы жағын жалғастықпен сезіне алмағанымыз да, жаман жағынан біржолата беziне алмағанымыз да рас.



Кешегі бабамызбен ғана емес, бүгінгі бағамызбен, ертеңгі шамамызбен де мақтана алатын ұлт болуды ойлауымыз керек.



Θзіне-θзі сын көзімен қарамайтын халық болашағына көп үміт арта алмайды. Біз бойымыздагы озығымыздан үйреніп, тозығымыздан жирене білсек қана өркениетті мемлекет, еңселі ел боламыз.

*Дәстүрінді баққаның — үмітінді жаққаның*



Әрбір шаңырақ ұрпақты болсын,  
ырысты болсын, ырысы жүртқа жұғысты  
болсын!



Жаңа құндылықтар жастардың  
жүргегіне тезірек жол табады.



Кез келген ел өзінің келешегін өскелең  
ұрпағымен байланыстырады.



Еңсесін енді көтеріп келе жатқан біздің  
еліміз үшін дарынды ұрпақтың орны  
мұлде бөлек.



Домбыра үніне үйімаған, жусанды  
даланың иісін аңсамаған қазақты қазақ  
деп айтудың өзі қиын.



Жаңа үйдің берекесі қабырғасының қиуымен емес, сол үйдегі теңнің жиуымен, демек, отбасындағы сыйластықпен, татулықпен кіреді.



Отбасында адам бойындағы қасиеттер жарқырай көрініп, қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім жақындарына, тұган-туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады.



Біздің жастарымызға мақсаткерлік,  
болашаққа деген шүбесіз сенім, мойымас  
жігер, кез келген істі қолға алуға деген құл-  
шыныс тән.



Дарынды ұрпақ — қарымды ұрпақ.



Жас кезінде үлкен іске құлаш серме-  
меген жаннан жасы ұлғайғанды үлкен  
нәтиже күтудің өзі бекершілік.

*Дәстүрінді баққаның — үмітінді жаққаның*



Ертеңін ойлайтын, болашағына үмітпен қарайтын көшелі ел, ең алдымен, үрпақ тәрбиесіне, шәкірт біліміне ерекше назар аударады.



Қандай байлық болмасын, оның тұбі бір сарқылатыны хақ. Сарқылмайтын, терең бойлаған сайын, керісінше, еселеп арта беретін бір байлық бар, ол — білім. Ал білім негізі — мектепте.

*Oй бөлістім халқыммен*

---



Егер сыпайылық адам көркі десек, ол дарынды жастарды одан әрі көріктендіре түседі.



Жастарымыз салт-дәстүрімізді көздің қарашығындаï бағып жүретін, көптің көкейіне үміт отын жағып жүретін, адамзаттың озық ой көгінде ағып жүретіндей болуы тиіс.

Он екінші  
тарау

---

*Әрелі ұрхсыз  
өркениет жөнд*



Θәзіндік төл мәдениетін құрған бірегей қошпелі өркениет бүгінгі күні әлемдік өркениеттер Олимпінен заңды түрдегі орнын иеленіп отыр.



Еуразияның ең бір бай да бірегей мәдениеті — қазақ мәдениеті.



Интеллигенция — ұлттық мұдденің шың жоқшысына айналған әлеуметтік топ.

---



Шынайы ұлттық сана жоқ жерде  
ұлтар мен өзге ұлттық мәдениеттерді<sup>1</sup>  
шынайы құрметтеу де мүмкін емес.



Мәдениет деген ұғым аясында адам  
онсыз өмір сүре алмайтын аса нәзік  
құбылыстар тоғысқан.



Мәдениет, ең алдымен, жәдігерлік.  
Оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізуі —  
зиялды қауым.



Ғылым әлемдегі жаңалық атаулының  
бәріне ашық та зерек болуға тиіс.



Кез келген мәддениеттің, кез келген  
өркениет пен дүниетанымның өмір сүрге  
және өзіне қастерлі көзқарас болуына  
деген заңды құқығы бар. Бұл — адамзат  
тариҳының барысы айқындаған болмыс.  
Онымен санасу керек.

*Өрөлі рухсыз өркениет жоқ*

---



Біз әлемдік мәдени құндылықтармен  
үндес жаңа заманғы қазақтың озық  
мәдениетін қалыптастыруымыз керек.



Рухани құндылық, биік адамгершілік  
жоқ жерде үлкен өркениет орнату мүмкін  
емес.



Талант — Жаратқанның сыйы ғана  
емес, сонымен бірге өзінің алдындағы,  
қоғам мен Отан алдындағы жоғары  
жаяупкершілік те.

*Oй бөлістім халқыммен*



Жаңа құндылықтар жастардың  
жүргегіне тезірек жол табады.



Дүние байлық пен жан байлығы сәйкес  
келгенде ғана бүкіл адамзат мұрат еткен  
саналы қоғам құруға болады.



Өнерін сүйген, өнерпазын мәпелеген  
елдің қашанды мәртебесі жоғары.

*Өрелі рухсыз өркениет жоқ*



Бар өнерін бармақтың басына, тілдің  
ұшына қондырған халқымыздың көп  
шежіресі, көнекөз естелігі осы әні мен  
куйінде, жыр-толғауында жатыр.



Ұлы өнерде шектеу де, шекара да жоқ.



Таласа жүріп танылуымыз, қаржыса  
жүріп шындалуымыз қажет.



Ең бастысы — той ѿйлау емес, ең бастысы — ой ѿйлау.



Алға қарайтын кез келді. Іске кірісер кез келді. Ерік-жігерімізді танытатын кез келді. Өмірді өзгертетін кез келді.



Өз алдымызда, болашақ үрпақтың алдында адап болайық, уақыт пен ел тағдыры үшін жауапкершілігімізді ұмытпайық!

---



Біздің үрпақ алдында бабалар қол жеткізген итіліктерді сақтау, қайта қалпына келтірілген мемлекеттігімізді нығайту және дүниежүзілік қауымдастық талаптарына сай жаңа сапалық деңгейге көтерілу міндеті тұр.



Адам уақытқа өкпе артпауы керек. Рас, уақыт қиын. Бірақ уақытты таңдамайды, онда өмір сүреді.

*Ой бөлістім халқыммен*



Басындағы бақытты бағалай алу үшін  
оның қадір-қасиетін толық танып-білуің  
қажет.



Айқайшыл күшінмен емес, игілікті  
ісінмен таныл.



Ең бастысы — адам факторы: оның еркі, күш-жігері, табандылығы мен білімі. Өркендең даму мен тәуелсіздікке аттар табалдырықтың алтын кілтін де осы шамадан іздеңген жөн.



Жаңандың тәжірибелің күнгейінен ғана емес, көлеңкесінен де тағылым алу керек.



Біз елеулі түрде артта қалып қойдық,  
сондықтан асығуға тиіспіз. Біз мейлінше  
ширығып, әлемді қуыш жетуге мәжбүрміз.



Ештеңде де өзінен-өзі аспаннан аяғы  
салбырап түсे қалмайды. Өсу, тұрақты  
даму жағдайына жету үшін де белгілі бір  
кезеңдерден өту қажет. Оларды ешқашан  
да аттап кете алмайсың.

*Өрөлі рухсыз өркениет жоқ*



XXI ғасыр мәдениеттің, ғылым мен ақыл-ой бәсекесінің ғасыры болмақ.



Материалдық игіліктермен ешқандай байланыспайтын руханият, адамгершілік деген даусыз ұлы құндылықтар бар. Олар адам үшін әрдайым басым және негіз қалаушы болып қалады.



Мемлекеттік шекара — тәуелсіздіктің басты белгілерінің бірі. Ел мен елді табыстыратын да — шекара, тартыстыратын да — шекара. Достық та осы жерде көрінеді, қастық та осы жерде көрінеді. Ел жақындығы болмаса, жер жақындығының жақсылығынан гөрі жамандығы басым түспек.



2030 жылдың біздің үрпақтарымыз үшін үйгілілік көрсету миссиясынан кейін үлкен өмір сүртін болады. 2030 жылдың орталығында Қазақстаны Еуразияның орталығы бола отырып, жедел өркендей келе жатқан үш аймақтың — Қытайдың, Ресейдің және Мұсылман әлемінің арасындағы экономика мен мәдениетті байланыстыруышы буын рөлін атқаратын болады.



Қараңыздаршы: бір шеті Алатау, енді бір қыры Алтай, тағы бір шеті Атырау сияқты қазақтың үш қиянанан табылған үш «Алтын адам» бір ғана мәдениеттің — біздің бабаларымыздың қолынан жасалған мәдениеттің үлесіне тиеді екен. Бұтінгі жас ұрпақты ұлт мәдениетін ұлықтау рухында тәрбиелеу үшін бұдан басқа қандай дәлел керек.

*Өрөлі рухсыз өркениет жоқ*



Бұғынгі қазақ — ұлттық сана деңгейіне  
көтерілген қазақ.



Тарихи сенімділік — біздің ұлы  
тірегіміз.



Дініміз тәркі, тіліміз ғаріп, мәдениетіміз мүшкіл, өзіміз мұскін халге ұшырадық. Мұндай жағдайда ел намысының қозбауы, ер ашуына мінбеуі мүмкін емес еді.

...Зеңбіректі әскерге найзамен қарсы шапқан көзсіз ерлерді халық әлі қүнгे әнжырга қосып, аяулы аттарын ардақ тұтъшп келеді. Ардақ тұта береді!



Міне, тәуелсіздік таңы атты. Азат ел атандық. Дегенмен атымыз да азат, затымыз да азат болуы үшін әлі де талай шаруа атқаруға тұра келеді. Бұл — қайырлы сапар, қасиетті жол. Ол жолдан біз таймаймыз!



Қазақтың халық мақалы: «Шапшаң жүргенге шаң жүқпас» дейді. Сондықтан да бізге — уақыт төреші. Мұратына жүрген жетеді.

## **МАЗМҰНЫ**

Тағылымы терең толғамдар .....	3
Бірінші тарау	
Жалғыз Отан — тәуелсіз Қазақстан .....	5
Екінші тарау	
Жер тағдыры — ел тағдыры .....	25
Үшінші тарау	
Садағаң кетейін, айналайын халқым! .....	41
Төртінші тарау	
Тәуелсіздік — тәуекелі тұратындардың еншісі .....	61
Бесінші тарау	
Ана тілі — ұлттымыздың айнасы .....	79
Алтыншы тарау	
Тарихтан тағылым ала алсақ .....	107
Жетінші тарау	
Ел бірлігі — асыл қасиет .....	129
Сегізінші тарау	
Ұлттық намыс — ұлы ұғым .....	145
Тоғызынышы тарау	
Демократия жарлықпен орнатылмайды .....	173
Оныншы тарау	
Сенгениң игілікті еңбегің болсын .....	199
Он бірінші тарау	
Дәстүрінді баққаның — үмітінді жаққаның .....	211
Он екінші тарау	
Өрелі рухсыз өркениет жоқ .....	227

ББК 66.3(5Каз)

H17

**Назарбаев Н. Э.**

H17    **Ой бөлістім халқынмен.** — Алматы: «Мектеп»  
баспасы, 2006. — 248 бет.

ISBN 9965–33–775–6

Бұл жинаққа Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың кітаптарындағы, баяндамалары мен басқа да еңбектеріндегі, алқалы жиындар мен ел аумагының аluan аймақтарындағы әр түрлі кездесулерде сөйлеген сөздеріндегі қанатты қаридарлы қамтылып, терең ой-толғамдары мен тұжырымдары топтастырылған.

Сонымен қатар бұл кітап бұрындары жарық көрген «Туган елім — тірекім» (2001) және «Өзекжарды ойлар» (2003) жинақтарының заңды жалғасы. Басылым Елбасының өмірдің сан-саласын қамтитын жаңа ой орамдарымен толықтырылған.

Н 0803010200—027  
404(05)—06 168—06

ББК 66.3(5Каз)

ISBN 9965–33–775–6

**НАЗАРБАЕВ НҮРСҮЛТАН ЭБИШҰЛЫ  
ОЙ БӨЛІСТІМ ХАЛҚЫММЕН**

*Күрастыруышылар:  
Қасымбеков Махмұт, Әлімқұлов Қадыр, Әлібеков Әбдімұтәл*

*Редакторы Ә. Оспанова, көркемдеуші редакторы Ж. Болатаев,  
техникалық редакторы К. Тұрымбетова, корректоры  
Р. Қошқінова, компьютерде беттеген М. Құрманбаев*

Баспаға Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің № 0000001 мемлекеттік лицензиясы 2003 жылы 7 шілдеде берілген

**ИБ № 919**

Басуға 24.05.06 қол қойылды. Пішімі 70x100<sup>1/32</sup>. Офсеттік қағаз. Қаріп түрі "Academukaz". Офсеттік басылыс. Шартты баспа табагы 10,07. Шартты бояулұрысы 20,46. Есептік баспа табагы 2,32. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № «Мектеп» баспасы, 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143.